

21 сәуір
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysy

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ЖОЛ АШАР ИГІ БАСТАМА

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАЗА САҚТАУ ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ КӨГАЛДАНДЫРУ – ҚОҒАМ АЛДЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ. ОСЫ БАҒЫТТАҒЫ ИГІ БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСЫ РЕТİNДЕ ӨТКЕН СЕНБІДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА АУҚЫМДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. «МЕКТЕП ОРМАНШЫЛЫҒЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН БҮЛ АКЦИЯ ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ТАБИҒИ КЕЛБЕТІН ЖАҚСARTУҒА, ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛДЫ.



Шара аудандық орман шаруашылығы мекемесі мен Ойыл аудандық білім бөлімінің бірлескен жұмысының нәтижесінде жоғары деңгейде өтті. Іс-шараға аудан әкімі, білім бөлімінің өкілдері, ұстаздар, белсенді жастар мен мектеп оқушылары қатысып, ортақ іске жұмыла кірісті. Экологиялық акция барысында 120 түп терек көшеті оты-

рғызылды. Бұл бастама – табиғатты қорғауға қосылған нақты үлес қана емес, келешек ұрпаққа жасалған қамқорлықтың айқын белгісі. Өрбір егілген көшет – ауданның ертеңгі көркі, елдің болашағына деген сенімнің символы. Осындай шаралардың маңыздылығы – оның тәрбиелік мәнінде. Оқушылар табиғатты аялаудың, туған жерді сүюдің

үлгісін іс жүзінде көріп, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауды үйренеді. Қазіргі таңда экологиялық мәселелер әлемдік деңгейде өзекті болып отырғаны белгілі. Сондықтан Ойыл ауданында жүзеге асқан бұл бастама – уақыт талабына сай қолға алынған маңызды қадамдардың бірі. Мұндай шаралар ауданның экологиялық ахуалын жақсартып қана қоймай, тұрғындардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертуге де ықпал етеді. Туған жердің табиғатын түлетуге бағытталған осындай игі істер алдағы уақытта да жалғасын тауып, кең көлемде жүзеге аса беретініне сенім мол. Табиғатты қорғау – баршамызға ортақ іс, келешек ұрпақ алдындағы қасиетті парыз.

ҚОШПЕЛІ КЕҢЕС ҚАУІПТІ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ҮШІН

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ. КЕҢЕСКЕ ОБЛЫСТЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ИНДИРА АЯҒАНОВА ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС СТАНЦИЯСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ЖАЙДАР ҚҰРМАНОВТАР ҚАТЫСТЫ. КӨШПЕЛІ КЕҢЕСКЕ АУДАНЫҚ САНИТАРЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ОЙЫЛ ОБАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС БӨЛІМШЕСІ, «ҰЛТТЫҚ САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫ» ОЙЫЛ АУДАНЫҚ БӨЛІМІНІҢ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ҚОСА АУДАНЫҚ МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫНАСТЫ.



Кеңес барысында иммунопрофилактиканың маңызы, «Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау» ақпараттық жүйесі туралы кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, профилактикалық егудің маңызы және заманауи ақпараттық жүйемен жұмыс істеу қағидалары талқыланды. Алдымен сала жетекшілері кеңестің күн тәртібіне ұсынылған мәселелерге орай жан-жақты түсінік берді. Аса қауіпті аурулардың облыстағы ахуалы туралы облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бас маманы

Мұрат Муафихов баяндаса, «Оба, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы» сияқты басқа да жұқпалы аурулар бойынша өткізілетін алғашқы шаралар туралы Ақтөбе облағы қарсы күрес станциясы дәрігер-бактериологы Бақытбек Таубаев жан-жақты жеткізе, «Ұлттық сараптама орталығы» Ақтөбе облысы бойынша филиалы аса қауіпті аурулар зертханасының меңгерушісі Роза Күзембаева «Аса қауіпті инфекцияларға күдікті науқастардан зертханалық тексеруге материалдарды алу туралы» түсіндірді. Ал, Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері

Алмат Байдуллаев «Ойыл ауданында карантинді жұқпалы ауруларға күдік туған жағдайда аудандық мекемелердің дайындығы» туралы бүгінгі жағдайды баяндады. Сол күні Ойыл аудандық ауруханасының негізінде Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, облыстық денсаулық сақтау басқармасы және Ақтөбе облағы қарсы күрес станциясы бірлесіп «Оба ауруы тіркелген жағдайда қызметтердің өзара әрекет ету тактикасы» тақырыбында санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, емдеу-профилактикалық мекемелер және басқа да қызметтердің оба ауруына күдікті науқас анықталған жағдайда атқаратын іс-шараларын пысықтауды көздеген оқу-жаттығу сабағын өткізді. Кешенді шаралардың Ойыл ауданында ұйымдастырылуы ауданның обаның табиғи ошағына орналасуы, яғни оба қауіпті инфекциясының тіркелу қауіпінің жоғарылығымен және жыл сайын жиналған кенелерден қауіпті туляремия ауруының белгілері анықталуы себеп болып отыр.

Ал, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы «Eco Herb Kids» жобасын ұсынды. Эко-бақшада балалар дәрілік шөптердің пайдасымен танысып, табиғатпен етене байланыс орнатады. Бұл жоба арқылы бүлдіршіндердің қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі артып, еңбекке қызығушылығы қалыптасады. Ұсынылған жобалар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің маңызын айқын көрсетті. Себебі дәл осы кезеңде балаларды еңбекке баулу, зерттеушілік қабілетін дамыту, табиғатты аялауға үйрету – балабақша педагогтарының жүйелі еңбегінің нәтижесі. Бұл бастамалар болашақ ұрпақтың саналы, жауапты әрі табиғатқа жанашыр болып қалыптасуына берік негіз қалайды.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН — ТАЗА БОЛАШАҚ»: БАЛАБАҚШАЛАРДЫҢ ҰЗДІК ЭКОЖОБАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ
«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН — ТАЗА БОЛАШАҚ» ОБЛЫСТЫҚ ЭКОФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА БАЛАБАҚШАЛАР ӨЗДЕРІНІҢ МАЗМҰНДЫ ӨРІ ЖАҢАШЫЛ ЖОБАЛАРЫН КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА ҰСЫНДЫ.



Бұл жобаға Ойыл ауданынан «Асанәлі» бөбекжай-бақшасы «Ақ бордан – жасыл әлемге» жобасын таныстырды. Жоба барысында тәрбиеленушілер табиғи бордың қасиеттерін зерттеп, IT технологияларды, соның ішінде WeDo бағдарламасын пайдалану арқылы экологиялық білімдерін кеңейтеді. Сонымен қатар олардың зерттеушілік қабілеттері мен шығармашылық дағдылары дамиды.

Ал, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы «Eco Herb Kids» жобасын ұсынды. Эко-бақшада балалар дәрілік шөптердің пайдасымен танысып, табиғатпен етене байланыс

орнатады. Бұл жоба арқылы бүлдіршіндердің қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі артып, еңбекке қызығушылығы қалыптасады.

Ұсынылған жобалар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің маңызын айқын көрсетті. Себебі дәл осы кезеңде балаларды еңбекке баулу, зерттеушілік қабілетін дамыту, табиғатты аялауға үйрету – балабақша педагогтарының жүйелі еңбегінің нәтижесі.

Бұл бастамалар болашақ ұрпақтың саналы, жауапты әрі табиғатқа жанашыр болып қалыптасуына берік негіз қалайды.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ӘР АУЛАДАН БАСТАЛАДЫ!

ЕЛІМІЗДЕ ДӘСТҮРЛІ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТІП ЖАТЫР. АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ АЛДЫНДА КӨШЕЛЕРДІ, ЕСКЕРТКІШ АУМАҚТАРЫ МЕН ӨЗЕН-БҰЛАҚТАРДЫҢ АРНАСЫН ҚОҒЫСТАН ТАЗАРТЫП, БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАРҒА ТАЛ ЕГУ МІНДЕТІ ТҰР.

Жалпы ұлттық акцияға Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің тұрғындары да бірікпелі атсалысып, үлес қосуда. Қар еріп, тасқын судан биыл қауіп жоқ екеніне көз жеткізген қараталдықтар аулаларын ретке келтіріп, жасыл желек егуге кіріскен.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында жарияланған екі айлық сенбілікке округке қарасты елді-мекендердің барлығы жаппай қатысып жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтып өткендей, ауыл тұрғындары үшін бұл тек уақытша акция емес, жыл бойы жалғасатын маңызды жобаға айналды. Бүгінгі күнге дейін ауыл сыртында заңсыз төгілген қоқыстарды жинап, өзен жағасын тазартты. Округ орталығы

— Қаратал ауылындағы бағаналарды бояп, ағаш түптерін өктеу жұмыстары жүргізілді, — деді округ әкімі Әділбек Ізбасов.

Сондай-ақ ол Ойыл орман шаруашылығы мекемесімен келісім-шартқа отыру нәтижесінде округ аумағында 200 түп қарағаш, 20 түп терек егілгенін айтты.

— Қоршаған ортаны таза ұстау — ортақ міндет. Тазалық әрқайсымыздың ауламыздан басталады. Сондықтан ауыл тұрғындарын, кәсіпкерлер мен шаруа қожалығы басшыларын, бюджеттік мекеме қызметкерлерін тазалық акциясына үлес қосуға шақырамын. Таза әрі көрікті орта қалыптастыру өз қолымызда, — дейді Әділбек Ізбасов. Ақерке МӘЛІКҚЫЗЫ.

ЗАҢСЫЗ ҚАРУДЫ ҚАБЫЛДАУ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

2026 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН БАСТАП АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ХАЛЫҚТАН ЗАҢСЫЗ САҚТАЛҒАН АТЫСҚАРУЫН, ОҚ-ДӘРІЛЕРДІ ЖӘНЕ ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТТАРДЫ САТЫП АЛУ БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫН АРНАЙЫ АКЦИЯ ӨТЕДІ.

Қару-жарақ заттарын өз еркімен тапсырғаны үшін комиссия шешімдеріне сәйкес әр қарудың әрбір бірлігі үшін оның техникалық жай-күйіне байланысты 10-нан 100 АЕК-ке дейінгі сомада төлем көзделеді. Сыйақы төлеу қару-жарақ заттарын тапсырған азаматтардың ұсынылған шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады.

Тіркелмеген атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар қылмыстық және әкімшілік жауапкер-

шіліктен босатылады. Заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды ақшалай сыйақыға тапсыруға ниет білдірген азамат Ойыл ауданының ПБ-не, Қойшығұлов көшесі 42 мекен-жайы бойынша өтініш береді. Кез келген сұрақтар бойынша 21-6-92 «Жедел желі» телефонына немесе 102 нөміріне қоңырау шалып біле алады.

М. АМАНЖОЛОВ,
Ойыл ауданы ПБ АхҚҚП/АхТҚ тобының инспекторы полиция лейтенанты.

ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ - МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕЙНЕСІ



Қызметтік әдепті сақтау жөнінде қойылатын негізгі талаптар көзделеді. Бұл ретте әдептік мінез құлық шебері мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне бектілігі, оның сақталуын бақылауды әдеп жөніндегі уәкіл жүзеге асырады. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшінің мінез құлқына, қызметтік міндетіне, мемлекет пен оның азаматтарының өзара қарым қатынасына сенімді өкіл болып табылатын мемлекетке, өзі «қызмет ететін» қоғамға қатысты моральдық талапты білдіретін неғұрлым жинақты принциптер мен нормаларды білдіреді. Мемлекеттік қызметшінің ақиқат шыншыл болуы оның моральдық қасиеті болып табылады. Мемлекеттік қызметкерге жалпы қабылданған әдепті сақтау өте маңызды, себебі ол тікелей адаммен жұмыс жасайды және әр түрлі адамдармен қарым қатынас жасау арқылы қызмет атқарады. Сондықтан мемлекеттік қызметкердің сыртқы бейнесі, киім-кешімі, қимыл-әрекеті, сөйлеу мәнері, ой-пікірі жеке қасиетінің барлығы адамға нұқсан келтірмейтіндей қызмет ету керек. Осы аталғандардың барлығын сақтау үшін этикеттің принциптерін ұстану керек.

Т. РЫСҚАЛИЕВ,
Ойыл аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының басшысы.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық – әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Мемлекеттік қызметші өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы тиіс. Бүгінде мемлекеттік саладағы мамандардың білім біліктілігінен бұрын, адамгершілік асыл қасиетпен ананың сүтімен келетін тәлім - тәрбиені талап ететіміз анық. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндетін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге

ЗАҢ МЕН ТӨРТІП – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ
ЖАС ҰРПАҚ – ЕЛ ЕРТЕҢІ. АЛ ОЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТӨРБИЕСІ – БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖӘНЕ САНАЛЫ ҰРПАҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ.



Осы мақсатта Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде «Заң мен тәртіп» тақырыбында тағылымды іс-шара ұйымдастырылды. Кездесуге аудан прокурорының аға прокуроры Сұңғат Орынбасар, аудандық аурухананың педиатр дәрігері Әсел Спанова, аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия хатшысы Аида Асқарова, аудандық білім бөлімінің әдіскері Ынтымақ Жақсылық пен аудандық білім бөлімінің психологиялық қызмет бағыты бойынша әдіскері Сәндігүл Байдуашова және аудандық полиция бөлімінің көмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторы Таңат Құбышев қатысып, оқушылармен ашық сұхбат жүргізді. Іс-шара барысында мамандар жасөспірімдерге заң талаптарын сақтау – әр азаматтың міндеті екенін түсіндірді. Құқықтық сауаттылық – адамды түрлі қауіп-қатерден қорғайтын маңызды құрал екені атап өтілді. Мамандардың айтуынша, құқықбұзушылықтың негізгі себептері – отбасындағы тәрбиенің әлсіздігі, ата-ананың бақылауының жеткіліксіздігі, бос уақыттың дұрыс ұйымдастырылмауы және қоршаған ортаның кері әсері. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі зиянды ақпараттар да жасөспірім санасына айтарлықтай ықпал етуде. Кездесу барысында есірткі заттардың зияны да кеңінен

сөз болды. Жасөспірімдер арасында мұндай зиянды әдеттердің таралуы олардың денсаулығына ғана емес, болашағына да қауіп төндіреді. Бұл – тек жеке мәселе емес, қоғам үшін де үлкен қатер. Сондай-ақ зорлық-зомбылық пен жыныстық қол сұғылмаушылыққа қатысты құқықбұзушылықтардың салдары ауыр екені айтылып, мұндай әрекеттердің алдын алу үшін әр адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын құрметтеуі қажет екені жеткізілді. Жыныс тағы бір маңызды мәселе – жасөспірімдер арасындағы суицид тақырыбы қозғалды. Мамандар бұл жағдайлардың көбіне психологиялық қысым, жалғыздық және қолдаудың жетіспеуінен туындайтынын атап өтті. Сондықтан әр балаға мейірім мен түсіністік қажет. Адалдық, жауапкершілік, адамгершілік және заңға құрмет – қоғамның басты құндылықтары. Осы қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіру арқылы ғана біз құқықбұзушылықтың алдын алып, саналы қоғам қалыптастыра аламыз. «Заң мен тәртіп» – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Себебі бүгінгі жас – ертеңгі елдің тірегі.

Әбділда САҒЫНОВ,
Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ВАКЦИНАЦИЯ – ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН - АЛУДЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ, ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНДІРУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ.

Осыған орай өңірдегі эпидемиологиялық ахуал, иммундау жұмыстары және профилактикалық екенің маңызы туралы Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Индира Аяғановамен сұхбат құрған едік.

– **Индира Алмағанбетқызы, өңірдегі және Ойыл ауданындағы қазіргі эпидемиологиялық ахуалға тоқталып өтсеңіз.**

– Бүгінгі күні Ақтөбе облысында қызылша мен көкжөтел ауруларының тіркелуі жалғасуда. Сонымен қатар, 2026 жылдың сәуір айынан бастап алғаш рет эпидемиялық паратит ауруы тіркеліп отыр. Аталған инфекциялар вакцинамен басқарылатын аурулар қатарына жатады. Сондықтан олардың алдын алудың ең тиімді жолы – уақытылы иммундау.

Қазіргі таңда аурушандық көрсеткіштерінің өсуі негізінен екпе алмаған балалар мен ересектер арасында байқалауда. Ал, Ойыл ауданы бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Жергілікті мамандардың дер кезінде қабылдаған шараларының және халықтың вакцинацияға жауапкершілікпен қарауының арқасында жұқпалы аурулар тіркелген жоқ.

– **Қазіргі таңда вакцинацияның маңызы қандай?**

– Вакцинация – жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді әрі сенімді жолы. Оның арқасында адамзат көптеген қауіпті инфекцияларды жеңіп шықты.

Мысалы, табиғи шешек ауруы вакцинация нәтижесінде толық жойылды. Сонымен қатар полиомиелит пен дифтерия сияқты ауыр дерттердің көрсеткіші айтарлықтай төмендеді. Қазақстанда 1985 жылдан бері полиомиелит, ал 1998 жылдан бері дифтерия жағдайлары тіркелмеген. Бұл – жаппай иммундау жұмыстарының нақты нәтижесі.

– **Еуропалық иммундау апталығының мақсаты қандай?**

– 2026 жылғы 19–25 сәуір аралығында елімізде «Вакциналар әрбір ұрпақ үшін жұмыс істейді» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өтеді. Бұл апталықтың негізгі мақсаты – халық арасында вакцинацияның маңызын түсіндіру, профилактикалық екпемен қамтуды арттыру және жұқпалы аурулардың алдын алу. Осы кезеңде өңірмізде тұрғындарға ғылыми негізделген ақпараттар беріліп, түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізіледі.

– **Адам папиллома вирусына қарсы вакцина туралы айтып өтсеңіз.**

– 2024 жылдан бастап елімізде адам папиллома вирусына қарсы вакцина енгізілді. Бұл екпе жатыр мойны обырының алдын алуға бағытталған. Адам папиллома вирусы – тері мен шырышты қабықтарды зақымдайтын вирустар тобы. Оның ең қауіпті салдарының бірі – жатыр мойны обыры. Қазақстанда бұл ауру әйелдер арасында кең таралған қатерді ісіктердің бірі саналады. Жыл сайын шамамен 1900 жаңа жағдай тіркеліп, 600-ден астам әйел осы дерттен көз жұмады. Сондықтан бұл вакцина әйелдер денсаулығын сақтауда аса маңызды.

– **Қорытынды ретінде тұрғындарға қандай кеңес берердіңіз?**

– Ең бастысы – вакцинациядан бас тартпау. Уақытылы салынған екпе тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның денсаулығын қорғайды. Жұқпалы аурулардың алдын алудың ең сенімді жолы – профилактикалық екпе екенін әр азамат түсінуі керек.

Сұхбатыңызға рақмет!
Сұхбаттасқан Гаухар АЛЕКСЕЕВА.

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫНДА ОЙЫЛДЫҚТАР ОЗДЫ

7-8 сынып оқушылары арасында өткен облыстық Ұлттық мектеп лигасы жарысында Жақия Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ер балалар командасы жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жүлделі I орынды иеленді. Бұл – жүйелі жаттығу мен табанды еңбектің, ұйымшылдық пен ынтымақтың айқын жемісі. Жарыс барысында команда ойын шеберлігімен, ептілігімен және жеңіске деген жігерімен ерекшеленіп, үздіктер қатарынан көрінді.

Әр кезеңде намысты қолдан бермей, мектеп мерейін үстем етті. Осы айтулы жеңіспен команданы және жетекшісі Нұрлыжан Мұқашевты шын жүректен құттықтаймыз. Бұл жетістік – білім ордасының абыройы, аудан жұртшылығының мақтанышы. Ендігі кезекте Қызылорда қаласында өтетін республикалық Ұлттық мектеп лигасында сәттілік серік болсын дейміз. Жас спортшыларға жеңісті жол, толағай табыс тілейміз!

ОЙЫЛДА ТОҒЫЗҚУМАЛАҚТАҢ ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ
ОЙЫЛ АУДАНЫНДА 16-17 СӘУІР КҮНДЕРІ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ, ӘДЕБИЕТТАНУШЫ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ МҮШЕСІ, ПРОФЕССОР ӘНУАР ЖАҚСЫҒАЛИҰЛЫ ДЕРБІСАЛИНДИ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ТОҒЫЗҚУМАЛАҚТАҢ ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ТУРНИР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Дәстүрлі жарысқа Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облысының Сыр аудары, сондай-ақ Байғанин, Хромтау, Ырғыз, Темір, Мәртөк және Ойыл аудандарынан келген жас спортшылар қатысты. Турнирде 2013-2014, 2015-2016, 2017 жылы және одан кейін туған жасөспірім ұлдар мен қыздар бақ сынады. Салтанатты ашылу рәсімінде Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы мен Ақтөбе облысының тоғызқумалақтан аға жаттықтырушысы Нұрбек Қабиев сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Олар ұлттық спортты дамыту жолындағы мұндай жарыстардың маңызы зор екенін атап

өтті. Турнирдің басты мақсаты – ұлттық мұраны дәріптеу, тоғызқумалақ ойынын кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың зияткерлік қабілетін дамыту және спортқа деген қызығушылығын арттыру. Екі күнге созылған тартысты бәсеке қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы мадақтамалармен, медальдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Ойыл ауданының намысын қорғаған Сырлыбай Нұрислам үздік ойын өрнегін көрсетіп, жеңімпаз атанды. Ал, Марат Айару күміс жүлдеге ие болды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: БҮГІН ЖӘНЕ БОЛАШАҚ

Жасанды интеллект – адамның ойлау, үйрену, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін компьютер арқылы жүзеге асыратын заманауи технология. Бұл ұғым алғаш рет XX ғасырдың ортасында пайда болып, бүгінгі күні қарқынды дамып, қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Қазіргі таңда жасанды интеллект көптеген салаларда кеңінен қолданылады. Мысалы, білім беру жүйесінде ол оқушылардың білім деңгейіне қарай жеке оқу бағдарламаларын ұсынуға көмектеседі. Жасанды интеллекттің артықшылықтары өте көп. Ол уақытты үнемдейді, адам қателігін азайтады және үлкен көлемдегі ақпаратты тез өңдей алады. Соның арқасында көптеген жұмыстар жеңілдеп, өнімділік артады. Алайда жасанды интеллекттің дамуы белгілі бір мәселелерді де туындатады. Мысалы, кейбір мамандықтардың жойылу қаупі бар. Сонымен қатар, деректер қауіпсіздігі мен жеке ақпараттың қорғалуы маңызды мәселеге айналып отыр. Сондықтан жасанды интеллектті дамыту барысында этикалық нормаларды сақтау және қауіпсіздік шараларын күшейту қажет.

Болашақта жасанды интеллект одан әрі дамып, адамның сенімді көмекшісіне айналуы мүмкін. Ақылды қалалар, толық автоматтандырылған өндіріс, жаңа медициналық жетістіктер – мұның бәрі жасанды интеллекттің мүмкіндіктеріне байланысты. Мен Ойыл кәсіптік колледжінің арнайы пән оқытушысы және жасанды интеллект бойынша жауапты маман болып жұмыс атқарамын. Оқу жылының басында жоспар құрылып, соған сәйкес жұмыстар жүргізіліп келеді. Атап айтсақ, «Жасанды интеллект – болашаққа бастар жол», «ЖИ элементтерін оқу процесінде пайдалану», «Жасанды интеллект адам еңбегін алмастыра ма?», «Жасанды интеллектті күнделікті өмірдегі рөлi» т.б семинарлар мен сыныптан тыс шаралар өтті. Бір сөзбен айтқанда, жасанды интеллект – бұл тек технология ғана емес, ол қоғам дамуының жаңа кезеңі. Оны дұрыс пайдалану арқылы біз өмір сапасын жақсартып, болашаққа сенімді қадам жасай аламыз.

Ақбікбек СЕРІКБАЕВА,
Ойыл кәсіптік колледжінің арнайы пән оқытушысы.

ЖЫЛ КҮСТАРЫ ТҰМАУДЫ ТАРАТАЛЫ

Құс тұмауы – жиі жағдайда вирустың H5N1 штаммымен қоздырылып, құстарды зақымдайтын жұқпалы ауру. Құс тұмауы вирустарының табиғи көзі суда жүзетін жыл құстары болып табылады. Үй құстарының барлық түрлері, оның ішінде тауықтар мен күрке тауықтар құс тұмауына шалдығуға ерекше сезімтал, және бұл жиі жағдайда құстарды жаппай қыратын індет дамуына әкеліп соғады. Құс тұмауының адамдардағы белгілері әдеттегі тұмау дерті белгілеріне өте ұқсас (өте жоғары дене қызуы, тыныс алудың қиындығы, жөтел, тамақтың, бұлшық еттердің ауыруы, конъюнктивит, жалпы улану көріністерімен ерекшеленеді). Өкпені, жүректі және бауырды зақымдау түріндегі күрделі асқынулар өте қауіпті, бұлар өлімге әкелуі мүмкін. Жұқпаның көзі - ауру құстар. Вирустың таралу қаупі ескере отырып, оның алдын алу және таралуына жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдау қажет. Құс тұмауын жұқтырудың алдын алу үшін жылы жақтан құстар келетін уақытта суда жүзетін үй құстарының қарым қатынаста болуына жол бермеу керек. Бұл кезеңде құс өсірумен және ұстаумен айналысатын шаруашылықтар алдын-алу шараларын ұйымдастыруды күшейтіп, құс фермаларын және құстар- «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛУ КОМИТЕТІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫ»

дәрі басқа мекендерін мұқият зарарсыздандырулары керек. Құс фабрикаларына жабайы және синатропты құстардың жемге, суға және құстар ұстайтын орындарға жақындауына жол бермеу бойынша шаралар қабылдауы қажет. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығымен бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес ветеринариялық алдын алу шараларын уақытылы және міндетті түрде орындауды қамтамасыз етулері керек. Өлемдегі жоғары патогенді құс байланысты эпизоотиялық жағдай тұрақсыз болып қалууда. Дүние жүзілік жануарлар саулығы ұйымының ХЭБ (Халықаралық эпизоотиялық бюро) ресми сайтында жарияланған ақпаратқа сәйкес шет елдерде үй құстары арасында ЖІПҚТ індетінің өршу жағдайлары тіркелген. Бұл ауру біздің аймақта да орын алуы мүмкін. Сол себепті жоғарыда айтылғандарды ескере отырып ауданымыздың тұрғындары, балшықты және аңшылар және табиғатты қорғау инспекторлары, егер өзен-көлдерде, елді мекендерде, өлген құстарды байқаған жағдайда және күдікті жағдайлар анықталған жағдайда шұғыл түрде Ойыл аудандық аумақтық инспекциясына хабарлаулары тиіс!